

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы:

Топ: Мектепалды даярлық

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 12-15 желтоқсан 2022 жыл

| Күн тәртібі                                                                                                                                         | Дүйсенбі                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма<br>мереке |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------|----------|----------|----------------|
| Балаларды қабылдау                                                                                                                                  | Балаларды көтеріңкі күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты-жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі туралы сұрау.                                                                                                                                                                                                   |          |          |          |                |
| Ата-аналармен<br>әңгімелесу, кеңес беру                                                                                                             | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |          |          |          |                |
| Балалардың дербес<br>әрекеті (баяу қимылды<br>ойындар, үстел үсті<br>ойындары, бейнелеу<br>әрекеті, кітаптар қарау<br>және тағы басқа<br>әрекеттер) | Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары.<br>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу.<br>Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптар қарау.<br>Табиғат бұрышындағы еңбек.<br>Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау.<br>Балалармен жеке жұмыс. |          |          |          |                |
| Таңертеңгі жаттығу                                                                                                                                  | Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені. Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.                                                                                                                                                                                                                                                              |          |          |          |                |

|                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
|--------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Балалардың сезінген әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т.б.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет            | <p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b><br/>«М» – «Н» дыбыстарын салыстыру. Кейбір дауыссыз дыбыстардың айтылуындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды ажырата білуге баулу. Бұл екі дыбыстар үнді дауыссыз дыбыстар. «М» дыбысының дұрыс артикуляциясы: Ерін бір-біріне қатты тиеді, кішкене тіл төмен түсіп, демнің мұрын арқылы шығуынан жасалады. Ма-ма-ма – қыс деген бұл шалма. Ма-ма –ма – апорт тәтті алма. «Н» дыбысының дұрыс артикуляциясы: Ерін сәл ашылып, жіңішкерген тіл үстіңгі тістердің түбіне тиеді. «Н» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар айту. Дидактикалық ойын: «Суретті жалғастыр». Дәптермен жұмыс.</p> <p><b>2.Математика негіздері</b><br/>«бүтін және бөлік» туралы ұғым қалыптастыру. Бөлік</p> | <p><b>1.Қоршаған орта таныстыру</b><br/>Қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы білімдерін кеңейту. Сурет арқылы «Бесікке бөлеу», Тұсаукесер», «Ашамайға отырғызу» рәсімдері туралы әңгімелесу. Қазақ халқында ата-бабаларымыз бала тәрбиесіне көп мән берген. Кішкентай балалар өнегелі, тәрбиелі болып өсуі үшін, ұлттық салт-дәстүрді қалыптастырып, мұра ретінде келешек ұрпаққа қалдырып отырған. Салт-дәстүр дегеніміз – белгілі бір рәсім, әртүрлі жағдайларға арналған ұлттық мағынадағы елеулі кезеңдер. Сөздік жұмыс: ұрпақ, ата-баба. Ұрпақ – тұқым, нәсіл, келешек ұрпақ. Ата-баба – бұрынғы өткен әкелер. Демонстрациялық материалдармен жұмыс. Суреттерге назар аудару және суретте не бейнеленгенін баяндау. «Бесікке бөлеу» ойыны бесікке қуыршақты</p> | <p><b>1.Сауат ашу негіздері</b><br/>Үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету. Сәйкес қызыл және көк түсті фишкалармен дыбыстарды белгілей алу қабілеттерін, зейіндерін дамыту.<br/>«Артығын тап» ойыны: Ара, өрмекші, маса, көбелек, аю. (аю) Тауық, әтеш, үйрек, қаз, сауысқан. (сауысқан) Мысық, түлкі, аю, қасқыр. (мысық) Колғап, көйлек, шалбар, етік. (көйлек) Май, шай, нан, қант, қасық. (қасық) Өткен тақырыптарды «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. Дауысты дыбыстар деген не? Дауысты дыбыстар қалай белгіленеді? Дауыссыз дыбыстар деген не? Дауыссыз дыбыстар қалай белгіленеді? Буында неше дауысты дыбыс болады? сөзге дыбыстық талдау жасауды ең бірінші берілген сөзді білуіміз керек. Сөзде неше буын, неше дыбыс бар екенін анықтауымыз</p> | <p><b>1.Сөйлеуді дамыту</b><br/>«М» – «Н» дыбыстарын салыстыру. Кейбір дауыссыз дыбыстардың айтылуындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды ажырата білуге баулу. Бұл екі дыбыстар үнді дауыссыз дыбыстар. «М» дыбысының дұрыс артикуляциясы: Ерін бір-біріне қатты тиеді, кішкене тіл төмен түсіп, демнің мұрын арқылы шығуынан жасалады. Ма-ма-ма – қыс деген бұл шалма. Ма-ма –ма – апорт тәтті алма. «Н» дыбысының дұрыс артикуляциясы: Ерін сәл ашылып, жіңішкерген тіл үстіңгі тістердің түбіне тиеді. «Н» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар айту. Дидактикалық ойын: «Суретті жалғастыр». Дәптермен жұмыс.</p> |

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p>терден бүтінді құрастыруға және бүтінді бөліктерге бөлуге үйрету. «+», « – » таңбасы мен таныстыру. Қызғылтсары шеңберді алып екіге бөлеміз.Әлия апельсинді екіге бөлді. Әр бөлікті қалай атауға болады? (жарты)Ал егер біз екі жартыны бір-біріне біріктірсек, не болады? (Бүтін апельсин болады.) Пицца немесетәтті(пирог) нанды жарты немесе төрт бөлікке кесуге ұсынады. Бөліктерден бүтінді қалай жасауға болады? (Біріктіру арқылы.) бөліктерден бүтінді алу үшін бөліктерді біріктіру немесе қосу қажет. Дәптермен жұмыс:1,2,3,4 тапсырамалардыорындау. Дидактикалық ойын: «Қай сан жоғалды?». «Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс. 33-беттегі № 51 тапсырманы орындау</p> <p><b>3.Сауат ашу негіздері</b><br/>Буындардан сөз құрауға үйрету. Сөздерді буынға бөлу, буын санын ажырата</p> | <p>жатқызып, бөлейді, тербетеді. Бесік жырын айтады: Әй-әй бөпем, әй бөпем, Ән айтайын бал бөпем. «Бесікке бөлеу» кішкентай бала үшін өте маңызды. Баланың сымбатты, денесі түзу болып өсуі үшін, ата-бабаларымыз баланы бесікке бөлеген.«Тұсау кесер» дәстүрі Бесікте жатқан бала өсті, қаз-қаз басып жүре бастады. «Енді көп құламай тез жүріп кетсін», – деп, баланың тұсауын кеседі. «Адал, шыншыл бала болсын», – деп, тұсауын «ала жіппен» кеседі. Қазақ халқында «Біреудің ала жібін аттама» деген мәтел бар. Ол «Ешқашан өтірік айтпай, ұрлық жасамай, үлгілі, өнегелі азамат болып өссін» дегенді білдіреді. «Ашамай». Жаңағы кішкентай бала өсіп, 5–6 жасқа келді. Үлкендер оған жеке тай атап, ашамай (тайға арналған кішкентай ер-тоқым) істетіп, қамшы өріп, «Сен азамат болдың» деген сенім ұялатып, үйретілген жуас тайға әсем ашамай ерттеп, баланы тайға мінгізіп, жүргізеді. Осы қуанышта атасы: Ал ақ тілек, ақ тілек .Атқа тоқым сал білек.</p> | <p>керек.Сөздегі дыбыстардың дауысты, дауыссыз екенін анықтау.Дауысты дыбыстардың жуан, немесе жіңішке екенін анықтау керек.Дауыссыз дыбыстардың қатаң, ұяң, үнді екенін анықтау керек.Жұмбақ. Аяз қысып,Өрнек сызып,Терезені торлайды.Қарға омбығып, Бет домбығып.Сырғанап балалар ойнайды./Қыс/ Қыс сөзіне дыбыстық талдау жасайық.Қыс сөзінде 1 буын,3 дыбыс.Қ-дыбысы дауыссыз,қатаң дыбыс көк түсті дөңгелекпен белгіленеді.БІ-дыбысы-дауысты,жуан дауыс,қызыл түсті дөңгелекпен белгіленеді.С-дыбысы-дауыссыз,қатаң дыбыс. Көк түсті дөңгелекпен белгіленеді.Дәптермен жұмыс</p> <p><b>2.Математика негіздері</b><br/>«артық», «кем», «тең» ұғымдарын қалыптастыру. Балаларды«=» белгісімен, оның мәнімен таныстыру; саны бойынша бірдей бөліктердің арасындағы өзара бір мәнді сәйкестікті анықтау;санау, салыстыру,санды цифрмен белгілеу біліктілігін бекіту. Мөлдір дорбаны немесе тақтаның жоғарғы бөлігінде</p> | <p><b>2.Қоршаған ортамен таныстыру</b><br/>Қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы білімдерін кеңейту. Сурет арқылы «Бесікке бөлеу», Тұсаукесер», «Ашамайға отырғызу» рәсімдері туралы әңгімелесу.Салт-дәстүр дегеніміз – белгілі бір рәсім, әртүрлі жағдайларға арналған ұлттық мағынадағы елеулі кезеңдер. Демонстрациялық материалдармен жұмыс. Суреттерге назар аудару және суретте не бейнеленгенін баяндау. «Бесікке бөлеу» ойыны бесікке қуыршақты жатқызып, бөлейді, тербетеді. Бесік жырын айтады: Әй-әй бөпем, әй бөпем, Ән айтайын бал бөпем. «Бесікке бөлеу» кішкентай бала үшін өте маңызды. Баланың сымбатты, денесі түзу болып өсуі үшін, ата-бабаларымыз баланы бесікке бөлеген.</p> |
|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p>алуға жаттықтыру. Өткен тақырыптарды «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. Дауысты дыбыстар деген не? Дауысты дыбыстар қалай белгіленеді? Дауыссыз дыбыстар деген не? Дауыссыз дыбыстар қалай белгіленеді? Буында неше дауысты дыбыс болады? Дауысты дыбыссыз буын болады ма? Дауысты дыбыстың өзі буын буын құрай алады ма? Қандай дыбыстар буын құрайды? Артикуляциялық жаттығу жасау. Қадыр Мырза Әлидің өлеңінен «болады» немесе «болмайды» деп сөйлемді аяқтайсындар. Күйші болуға ... (болады), Биші болуға ... (болады), Ерке болуға ... (болмайды), Серке болуға ... (болмайды), Пысық болуға ... (болады), Кішік болуға ... (болады), Әкім болуға ... (болады), Ақын болуға ... (болады), Маман болуға ... (болады), Жаман болуға ... (болмайды), «Буынға бөл» дидактикалық жаттығуы. Буынға бөлуге болатын сөздер: күй-ші, би-</p> | <p>Атта жақсы шаба біл, Өнеге, өнер таба біл, Аймағыңа жаға біл. Атқа міндің, ақ жол болсын!»-деп бата береді. Балалар хормен Е. Өтетілеу ұлының «Тәй-тәй» өлеңін айтады. Дәптермен жұмыс .<br/><b>2. Қазақ тілі</b><br/>Алған білімдерін тиянақтау сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, мақал-мәтел, жұмбақ жаттау дағдыларын қалыптастыру. І айналым мақалын жалғастырады Отан – оттан да ... (ыстық) Жақсы – ... (өнеге) Отан ... т.б. ІІ айналым: жұмбақ жасыру. Өскен жері бау-бақша, Күрең қызыл шіркін-ай, Жидектің аты – ... (құлпынай) Астық пісіп, орақ түсіп, Қырман дөңге толады. Бөбектерім, айтындаршы, Бұл қай кезде болады? (Күзде). Шелек қалпақ басында, Сәбіз екен танауы. Қыста қардан туатын, Тауып көрші, сен оны. (Аққала) Тікірейіп құлағы. Менен бұрын тұрады. Керіліп, созылып, Беті-қолын жуады. Бұл не? (Мысық) Көп отырып, шаршадық, Қозғалуды аңсадық. Билегіміз келеді, Әдемілеп ән салып. Би: «Қуыр-қуыр</p> | <p>араластырылып бекітілген пішіндер жиынын көрсете отырып, сұрақ қою: бізде қандай печенбелер бар? Печенбелің пішінін анықтайды: дөңгелек, үшбұрыш, шаршы және сопақша. Қорапта сопақша пішінді 4 печенбел бар, 4 цифрын көрсетеді. Басқа қорапта – дөңгелек пішінді 4 печенбел, 4 цифрын көрсетеді. Сопақшалар мен дөңгелек тер төрт-төрттен болды. Олардың саны бірдей. Қанша сопақша болса, сонша дөңгелек деп айтуға болады. «=» белгісі бар карточканы шығарады және оны қораптар мен сандар арасына орналастырады. Ойын жаттығуы: «Сана» Дәптермен жұмыс: 1, 2, 3 тапсырмаларды орындау. Жұптық жұмыс «Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс. 34-беттегі № 53-тапсырманы орындау.<br/><b>3. Қазақ тілі</b><br/>Алматы қаласы туралы білімдерін кеңейту. қорларын жаңа сөздермен толықтыру, жаңа сөздерді дұрыс айтуға жаттықтыру. қала – город, әсем красивый, саябақ – парк, метро – метро, мұзайдын – каток.</p> | <p>«Тұсаукесер» дәстүрі Бесікте жатқан бала өсті, қаз-қаз басып жүре бастады. «Енді көп құламай тез жүріп кетсін», – деп, баланың тұсауын кеседі. «Адал, шыншыл бала болсын», – деп, тұсауын «ала жіппен» кеседі. Қазақ халқында «Біреудің ала жібін аттама» деген мәтел бар. Ол «Ешқашан өтірік айтпай, ұрлық жасамай, үлгілі, өнегелі азамат болып өссін» дегенді білдіреді. «Ашамай». Жаңағы кішкентай бала өсіп, 5–6 жасқа келді. Үлкендер оған жеке тай атап, ашамай (тайға арналған кішкентай ер-тоқым) істетіп, қамшы өріп, «Сен азамат болдың» деген сенім ұялатып, үйретілген жуас тайға әсем ашамай ерттеп, баланы тайға мінгізіп, жүргізеді. Осы қуанышта атасы: Ал ақ тілек, ақ тілек .Атқа тоқым сал білек. Атқа жақсы шаба біл, Өнеге, өнер таба біл, Аймағыңа жаға біл. Атқа міндің, ақ жол болсын!»-</p> |
|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p>ші, пы-сық, кі-ші, ә-кім, а-қын, ма-ман. Ғажайып сәт. Жұмбақтар. Кір қоқысты сүймейді, Сыртқа қуып сүйрейді. (Сы-пыр-ғыш) Жіп-жіңішке денесі, Ортасында шегесі. (Қа-рын-даш) Екі аяқты бірізді, Адам мініп жүргізді. (Ве-ло-си-пед) Екі басты айдаһар, Бәрін қырып жояды. Екі аяқпен жер тіреп, Қағазды жеп қояды. (Қай-шы) Шайнасаң жағың талады, Тісіңнің кірін алады. (Са-ғыз) Қабат-қабат қаттама, Ақылың болса аттама. (Кі-тап) «Жоғалған буын» дидактикалық ойыны. Бір буынды айтады, балалар жалғастырып, келесі буынды табады те -(геш), те -(рек), те -(мір), те -(сік), те -(тік). ор -(та), ор -(ман), ор -(ақ). өр -(мек), өр -(кеш), өр -(ле), өр -(мек-ші) «Буынды қос» дидактикалық ойыны. Дәптермен жұмыс. Суреттердегі заттарды ата. Буынға бөл. Графикалық жұмыс Штрихта. Үзік сызықтарды бастыр.</p> <p><b>4. Дене шынықтыру</b></p> | <p>Қуырмаш» III айналым: Жаңылтпаштарды қайталау. Доп теп, Дөп теп. Жағажайды жағалай, Жүгіреді Қамажай. Пай-пай-пай, Жайылып жүр тай. Ай-ай-ай, Ұшып кетті торғай. Үш кіші ішік піштім, Бес кіші ішік піштім, Неше кіші ішік піштім? Дәптермен жұмыс.</p> <p><b>3. Көркем әдебиет</b></p> <p>Әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін дамыту. Тілдік ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын байыту. Қазақстанның жері үлкен, табиғаты бай, көп ұлтты, егемен мемлекет. Еліміздің мақтана алатын мемлекеттік рәміздері бар. Ол – Туы, Елтаңбасы, Гимні. Біз – тәуелсіз елдің бақытты ұландарымыз. «Тәуелсіз Қазақстан» өлеңін мәнерлеп оқу. Сөздік жұмыс: <i>тәуелсіздік</i> – еркіндік, теңдік, егемендік деген мағынаны білдіреді <i>еркіндік</i> – ешкімге тәуелді емес, еркін ел <i>теңге</i> – біздің ұлттық төлақшамыз Өлең мазмұны бойынша сұрақтар: Өлең қалай аталады? Авторы кім? Сендерге өлең ұнады ма? Өлеңде не туралы айтылған? Еліміздің қандай рәміздері бар?</p> | <p>Алматы қаласымен таныстыру. Дыбыстық жаттығу. Ө-ө-ө-ө – көөөк-төбе- көктөбе. Ә-ә-ә-ә – әсем- әсем. Сергітүсәті: Күннің шыққаны жақсы ма? Жақсы! (Күнді бейнелейді). Желдің соққаны жақсы ма? Жақсы! (Қолдарын көтеріп тербеледі). Достарыңмен жүрген жақсы ма? Жақсы! (Алға қарай адымдайды). Туған өлкеде жақсы ма? Жақсы! (Құшақтарын жаяды). Балабақша жақсы ма? Жақсы! (Басбармақтарын көрсетіп, қол соғады). Ойын: «Жалғастыр». Сөздерді, сөйлемдерді бекітіп, қайталау. Қа... (қала) Кө... (көше) Сая.. (саябақ) Алматы... (Алматы – әдемі, әсем қала) Жұмыс дәптерімен жұмыс.</p> | <p>деп бата береді. Балалар хормен Е. Өтетілеуұлының «Тәй-тәй» өлеңін айтады. Дәптермен жұмыс</p> <p><b>3. Көркем әдебиет</b></p> <p>Сюжеттік бірізділікті сақтап, көңіл күймен, қисынды мазмұндауға дағдыландыру. Татулықта, бірлікте өмір сүруге тәрбиелеу. Қазақстанның жері кең-байтақ, табиғаты бай, егемен мемлекет. Қазақстанның астанасы – Астана қаласы Сарыарқа даласында, Есілдің жағасында орналасқан (картадан көрсету). Біз – Қазақстан азаматы екендігімізді мақтан етеміз. Қазақстан – біздің Отанымыз. Әлия Дәулеткелдінің «Тәуелсіздігіміз мәңгілік» атты әңгімесімен танысамыз. Әңгіме мазмұны бойынша сұрақтар: Әңгіме қалай аталады? Саған әңгіме ұнады ма? Авторы кім? Әңгіме не туралы? Бұл қандай мереке? Қазақстан халқы бұл мерекені қалай тойлайды? Тәуелсіздік</p> |
|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p>Баланың кинестикалық қабілеттерін дамыту. Қарда жүргіш машина. Біртізбекпен жүреді. Орман тұрғындары жаттығулары: тізбекпен қоян, қасқыр, түлкінің жүрістерін салып жүреді. ЖДЖ ойын түрінде. Орман алаңқайында жылынамыз. Артымнан қайтала. Тыныс алу гимнастикасы. Жел. Негізгі қимыл қозғалыстарды орындау. Қимыл қозғалыс ойыны: Қасқыр мен лақтар. Ойын шарты: Қарама-қарсы жаққа тек белгіден кейін жүгіреді. Залдың бір шетінде тұрады. Зал ортасында қасқыр тұрады. Бөрте, бөрте, бөрте лақ, Бөрте лақ тым ерке-ақ. Кетесің кейде секеңдеп, Байламаса көкем кеп. Лақтар жүгіреді, қасқыр оларды ұстап алуға тырысады. Релаксация. Орман музыкасын тыңдау.</p> | <p>«Тәуелсіздік» деген сөзді қалай түсінесің? Дәптермен жұмыс:</p> <p><b>4. Музыка</b></p> <p>Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру. Би қимылдарын орындау. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Айна орыс халық әуені. Музыка тыңдау: Желтоқсан. Қысқы орман туралы әңгіме. Дауыс жаттығуы. Ән айту: Шырша әні. Қазақтың жері. Билер: Еркебұлан биі. Ойындар, хороводтар: Айналмалы дөңгелек. Ойын шарты: Орындалған әндерді тыңдап, әннің мазмұнына сәйкес суретті көрсету. Музыкалық аспапта ойнау: Илигай.</p> | <p><b>4. Дене шынықтыру</b></p> <p>Нақты қимыл қозғалыстар жасай білу қабілеттерін талыптас тыруды жалғастыру. Құмырсқалар соқпақпен келеді. Шеңбер бойымен тізбектеле бағытты өзгертіп жүру және жүгіру. Бір тізбекпен жүру, орташа қарқынмен жүгіру. Артқа бұрыл бұйрығы бойынша бағыттарын өзгертіп жүгіреді. Заттар арасымен және заттарды аттап жүру және жүгіру. Бұлшық еттерді жаттық тырамыз. ЖДЖ текшемен орындау. Негізгі қимыл қозғалыстарды орындау. Құмырсқаға үй тұрғызу. Демалыс жаттығуы.</p> | <p>мерекесін сен қалай сезінесің? Сөздік жұмыс: <i>тәуелсіздік</i> – еркіндік, теңдік, егемендік мағынасын білдіреді <i>еркіндік</i> – ешкімге тәуелді емес, еркін ел <i>теңге</i> – біздің ұлттық төл. Дидактикалық ойын: «Кім жылдам». Ойын шарты: Мақалды жалғастыр: Туған жерге туынды ... (<i>тік</i>). Батыр туса ел ырысы, жаңбыр жауса ... (<i>жер ырысы</i>). Дәптермен жұмыс.</p> <p><b>4. Музыка</b></p> <p>Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру. Би қимылдарын орындау. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Айна орыс халық әуені. Музыкатындау: Желтоқсан. Қысқы орман туралы әңгіме. Дауыс жаттығуы. Ән айту: Шырша әні. Қазақтың жері. Билер: Еркебұлан биі. Ойындар, хороводтар: Айналмалы дөңгелек. Ойын шарты:</p> |
|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |  |  |                                                                                                   |
|------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|---------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |  |  | Орындалған әндерді тыңдап,әннің мазмұнына сәйкес суретті көрсету. Музыкалық аспапта ойнау:Илигай. |
| Балалармен жеке жұмыс  | Балалармен жеке жұмыс.Жеке картаға сәйкес:әңгімелесу,дидактикалық ойындар,сөйлеудің дыбыстық мәдениеті,байланыстырып сөйлеу,бейнелеу әрекеті арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |  |  |                                                                                                   |
| Серуен                 | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау,спорттық-ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.Серуенге қызығушылықтарын арттыру.Балаларды реттілікпен киінуі,серуенге шығу,топтық ережелерді қайталау,өзіне-өзі қызмет ету дағдылары,ірі және ұсақ моториканы дамыту тақырыбына жеке әңгімелер өткізу. Серуен картатекасы №1,№2,№3,№4,№5 Ауа-райы құбылыстары мен табиғат объектілерін бақылау,әңгімелесу,көркем сөз, спорттық,қимылды және ұлттық ойындар,еңбек әрекеті. |  |  |                                                                                                   |
| Балалардың үйге қайтуы | Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу,ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру,кеңес беру.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |  |  |                                                                                                   |